

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ  
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО  
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

THE MINISTRY OF  
EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN



SOUTH KAZAKHSTAN STATE  
PEDAGOGICAL UNIVERSITY

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН  
МЕМЛЕКЕТТІК  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ  
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ

SOUTH KAZAKHSTAN  
STATE PEDAGOGICAL  
UNIVERSITY

Университетінің Ғылыми  
кеңесінде бекітілген, кеңес  
төрағасы Оңтүстік Қазақстан  
мемлекеттік педагогикалық  
университетінің Басқарма  
төрағасы-Ректор, т.ғ.к,  
доцент

Утверждено на Ученом совете  
университета, председатель совета  
председатель Правления-Ректор  
Южно-Казакстанского  
государственного педагогического  
университета, к.и.н., доцент

Approved by the University  
Academic Council, Chairman of the  
Board- Rector of the South  
Kazakhstan State Pedagogical  
University, Candidate of  
Historical Sciences, Associate  
Professor



Г.Д. Сугирбаева

Хаттама № 10, «30.06» 2021 ж. Протокол № 10, «30.06» 2021 г.

Protocol № 10 «30.06» 2021

БІЛІМ БЕРУ  
БАҒДАРЛАМАСЫ

6B01511 ГЕОГРАФИЯ-ТАРИХ  
МҰҒАЛІМІН ДАЯРЛАУ

ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ  
ПРОГРАММА

6B01511 ПОДГОТОВКА УЧИТЕЛЯ  
ГЕОГРАФИИ-ИСТОРИИ

EDUCATIONAL  
PROGRAM

6B01511 TEACHER TRAINING OF  
GEOGRAPHY-HISTORY

Шымкент 2021

**6B01511- «ГЕОГРАФИЯ-ТАРИХ МҰҒАЛІМІН ДАЯРЛАУ»  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Білім беру саласының  
коды және атауы:** 6B01 Педагогикалық ғылымдар

**Даярлау бағытының  
коды және атауы:** 6B015 Жаратылыстану пәндері  
бойынша мұғалімдерін даярлау

**Берілетін дәрежесі:** 6B01511 География-Тарих  
мұғалімін даярлау» білім беру  
бағдарламасы бойынша білім  
бакалавры

**Бағдарламаның типі:** Бакалавриат, 6 деңгей  
ҰБШ/СБШ/ХСБЖ

**Жалпы кредит көлемі:** 240 академиялық кредит/240  
ECTS

Білім беру бағдарламасы жаратылыстану факультетінің  
кеңесінде қаралып Ғылыми кеңеске бекітілуге ұсынылды.

*Хаттама № 10 « 27.05 » 2021ж.*

Білім беру бағдарламасы университеттің Ғылыми кеңесінде  
бекітіліп,

*Хаттама № 10 « 30.06 » 2021ж. , қолданысқа енгізілген.*

**Келісілген:**

Оқу және оқу-әдістемелік істер жөніндегі проректор



Исабек Б.Қ.

Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы




Бердалиев Д.Т.

Жаратылыстану факультетінің деканы



Саулембаев А.Т.

Шымкент қаласы әдістемелік орталықтың директоры



Медетбекова М.А.

Шымкент қаласы әдістемелік орталықтың география пәні бойынша әдіскері



Аульбаева Р.У.

Шымкент қаласы әдістемелік орталықтың тарих пәні бойынша әдіскері



Ибраева Р.С.

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАМ директоры



Искакова Л.Т.

Шымкент қаласы физика-математика бағытындағы НЗМ директоры



Абдрахманова Қ.И.

Шымкент қ. "Білім-инновация" ер балаларға арналған №1 лицей-интернатының директоры



Усипбеков А.П.

З.Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицейінің директоры



Тойлыбаева Ж.Д.

Қ.Сыпатаев атындағы №7 ІТ мектеп-лицейінің директоры



Алмаханқызы Р.

Қ. Қасымұлы атындағы № 33 жалпы білім беретін орта мектебінің директоры



Аширбекова Д.А.

### Бағдарламаны құрастырушылар тобы

№	Аты-жөні	Қызметі	Байланыс деректері
1	Тажекова Ақмарал Джаксыбековна	География кафедрасының меңгерушісі, г.ғ.к.	+77752099686
2	Саулембаев Алтынбай Тағабайевич	Жаратылыстану факультетінің деканы, г.ғ.к., аға оқытушы	+77473593594
3	Кожабекова Захида Ерсұлтановна	География кафедрасының доцент м.а., г.ғ.к.	+77027189216
4	Сахова Камила Калмурзаевна	География пәні мұғалімі, Назарбаев зияткерлік мектебі физика-математика бағыты	+77055743473
5	Жамелов Баглан Алтаевич	Тарих пәні мұғалімі, Назарбаев зияткерлік мектебі физика-математика бағыты	+77024582777
6	Матекова Бахтыгуль Темирханқызы	«Өрлеу»БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ «Жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы, тарих пәнінің тренері	+77757352107
7	Байбақ Бибіхан Оңғарқызы	«Өрлеу»БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ «Жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы, география пәнінің тренері	+77754820374
8	Сакенова Маржан Мырзабековна	"Білім-инновация" ер балаларға арналған №1 лицей-интернатының тарих пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші	+77711520990
9	Усипбаева Еркежан Нуржановна	"Білім-инновация" ер балаларға арналған №1 лицей-интернатының география пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші	+77054365946
10	Маханова Ляззат Атабековна	география пәнінің мұғалімі, З.Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицей	+77026030439
11	Зулфибекова Айша Мирайдаровна	география пәнінің мұғалімі, К.Қасымұлы атындағы №33 ЖОМ	+77023361728
12	Жапишева Эльмира Қалияровна	Қ.Сыпатаев атындағы №7 ІТ мектеп-лицейінің география пәнінің мұғалімі	+77757608297
13	Дархонова Доно Ойбеккизи	6В01511-География-тарих мұғалімін даярлау ББ 2 курс студенті	+77084184828
14	Момынкүл Нұрай Маратқызы	5В012900-География-тарих мамандығының 3 курс студенті	+77005793105

### Сарапшылар

№	Аты-жөні	Қызметі	Байланыс деректері
1	Тасболат Байболат	М.Әуезов атындағы ОҚУ Г.ғ.д.	baigeo-55@mail.ru 87077201305
2	Абдухаимов Ержан Фархатович	М.Әуезов атындағы ОҚУ т.ғ.к., академик	87013098070 erzhanzortobe@mail.ru

## **Қысқартулар:**

ҰБШ –	Ұлттық біліктілік шеңбері
СБШ –	Салалық біліктілік шеңбері
ХСБЖ –	Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуіші
ББ –	Білім беру бағдарламасы
ОЖЖ –	Оқу жұмыс жоспары
ЖОЖ –	Жеке оқу жоспары
ЭПК –	Элективті пәндер каталогы
ТҚ –	Түйінді құзыреттіліктер
ОН –	Оқыту нәтижелері
АКТ–	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
АБ –	Аралық бағалау
МБ –	Межелік бағалау
ҚБ –	Қорытынды бағалау
ЖБП –	Жалпы білім пәндері
БП –	Базалық пәндер
ПП –	Профильдік (бейіндік) пәндер
МОН –	Модульдің оқыту нәтижелері

## Мазмұны

<b>Кіріспе</b> .....	6
<b>1 Білім беру бағдарламасының паспорты</b> .....	7
1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы.....	7
1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары.....	7
1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері.....	7
1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері.....	7
<b>2 Білім беру бағдарламасының ерекшелігі</b> .....	8
<b>3 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен құндылықтары</b> ... ..	8
3.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері.....	8
3.2 Білім беру бағдарламасының құндылықтары.....	9
<b>4 Бітірушінің моделі</b> .....	9
<b>5 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін оқу нәтижелері</b> .....	9
<b>6 Оқу нәтижелерін бағалау саясаты</b> .....	10
<b>7 Білім беру процесін ұйымдастыруды іске асыру әдіс-тәсілдері</b> .....	11
<b>8 Білім беру бағдарламасының мазмұны</b> .....	14
8.1 ББ бойынша оқу нәтижелерінің бітіруші моделімен сәйкестігі.....	14
8.2 Модульдер туралы мәліметтер.....	15
8.3 Пәндер туралы мәліметтер.....	24
8.4 Білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспары.....	42

## КІРІСПЕ

Білім беру бағдарламасы (ББ) университеттің білім беру мақсаты мен құндылықтарының негізінде бітірушінің кәсіби қызметі жайлы жалпы мағлұматтарды, бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін, бітірушінің құзыреттілік моделін, күтілетін оқу нәтижелері мен оларды бағалау саясатын, білім беру процесін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін және бағдарлама мазмұнын қамтитын тұжырымдамалық сипаттағы нормативтік құжат болып табылады.

Білім беру бағдарламасы:

- университеттің білім берудегі саясатын іске асыруға;
- білім беру процесін қазақ, орыс және ағылшын тілінде ұйымдастыру арқылы үштұғырлы білім беруді іске асыруға;
- құзыреттілік көзқарас негізінде оқыту процесінің сапасын арттыруға;
- білім алушылардың өмір бойы оқуға дайын болуына мән беруге;
- білім алушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруға, креативтілік, коммуникативтілік, сыни ойлау, зерттеушілік және ақпараттық қабілетін дамытуға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы:

- Элективті пәндер каталогын (ЭПК);
- Оқу процесінің академиялық күнтізбесін;
- Жеке оқу жоспарын (ЖОЖ);
- Оқу жұмыс жоспарын(ОЖЖ);
- Пәндердің оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус);
- Пәндердің оқу-әдістемелік кешенін;
- пәндер бойынша күтілетін оқу нәтижелерін;
- білім алушылардың пәндер бойынша оқу нәтижелерін бағалау критерийлерін;
- кәсіптік практиканы ұйымдастырудың құжаттарын және оқу процесін ұйымдастыруға қажетті басқа да құжаттарды дайындауға негіз болады.

## **1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ**

### ***1.1. Бітірушінің кәсіби қызмет саласы***

6B01511 «География-Тарих мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

### ***1.2. Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары:***

- негізгі және бейіндік мектептер;
- мамандандырылған мектептер;
- орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары болып табылады.

### ***1.3. Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері:***

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- әдістемелік;
- зерттеушілік;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

### ***1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері***

#### ***Оқытушылық:***

- білім алушыларды оқыту мен дамыту;
- кәсіптік қызметінде оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- педагогикалық процесті жобалау және басқару;
- педагогикалық қызметтің нәтижелерін болжау, коррекциялау және диагностикалау.

#### ***Тәрбиелік:***

- білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту;
- педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыру;
- сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау;
- нақты тәрбиелік міндеттерді шешу;
- сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі формалары мен әдістерін пайдалану;
- оқушылар ұжымымен, пән мұғалімдерімен, ата-аналармен байланыс орнату;

#### ***Әдістемелік:***

- білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлау;
- оқу процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау;
- оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану.

#### ***Зерттеушілік:***

- білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу және білім ортасын зерттеу;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;
- білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді талдау және жалпылау;
- педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу.



### ***Әлеуметтік-коммуникативтік:***

- кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;
- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушылардың тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және оларға педагогикалық қолдау көрсету.

## **2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Жоғары білім беретін 6B01511 «География-Тарих мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы Еуропалық біліктілік және Ұлттық біліктілік шеңберіне, Дублин дескрипторларына, педагогтің кәсіби стандартына сәйкестендіріліп, аймақтық еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, дайындалған құжаттар жүйесінен тұрады.

ББ қойылған мақсаттарды, күтілетін нәтижелерді, білім беру процесін жүзеге асыру жағдайлары мен технологияларын, бітірушінің берілген бағыттағы дайындығының сапасын бағалауды іске асыру жолдарын және оқу жұмыс жоспарының мазмұнын айқындайды.

Бағдарламаны құрастыру барысында Ресейдің алдыңғы қатарлы педагогикалық университеттерінің (ТГПУ, МГПУ, Ломоносов атындағы МГУ), Түркия мемлекеттік Сакарья университетінің, Еуропаның белді университетінің (Лодз университеті), Кембридж, Оксфорд университетінің оқу бағдарламасы талқыланды.

## **3.БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ**

### ***3.1. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері***

Білім беру бағдарламасының мақсаты университеттің Стратегиялық даму жоспарының мақсатына және университет миссиясына сәйкес анықталған.

- **Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Ұлттық біліктілік жүйесі мен еңбек нарығы талаптарына сай география және тарих пәндерінің мұғалімін даярлау.

Білім беру бағдарламасының ***міндеттері:***

- білім алушылардың кәсіби қызметін тиімді атқаруға қажетті түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- білім алушылардың тұлғааралық құндылықтар негізінде әлеуметтік жауапкершілігін және кәсіби этикалық нормаларды ұстануын қалыптастыру;
- білім алушылардың кәсіби шыңдалуға, өзін-өзі жүзеге асыруға ынталандыру негізінде білім беру сапасының деңгейін ұлттық және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру;
- білім алушылардың кәсіби білімі мен тәжірибелік дағдыларын жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес қалыптастыру;
- тіл үштұғырлығы, функционалдық сауаттылық және салауатты өмір сүру негізінде қоғамды жаңартуда белсенділік танытатын жоғары білімді маман даярлауды қамтамасыз ету.

### ***3.2. Білім беру бағдарламасының құндылықтары***

ББ мазмұнында айқындалған негізгі құндылықтар:

- ❖ қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;

- ❖ адалдық;
- ❖ құрмет;
- ❖ ынтымақтастық;
- ❖ ашықтық.

#### 4 БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ

1. **Пәндік білімі:** өзінің пәндік саласын терең және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін қолданады.
2. **Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді проблемаларды шешуде *сыни ойлау мен креативтілік* танытады.
3. **Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерін баулиды.
4. **Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысы:** команда да жұмыс істей алады, қоғамды жаңартуда белсенділік танытады.
5. **Мәдени құзыреттілік:** өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие.
6. **Өмір бойы оқу қабілеті:** өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіреді.
7. **Ақпараттық дағдысы:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдаланады.

#### 5. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

**ББ бойынша оқу нәтижелері:** Осы ББ-ны табысты аяқтағаннан кейін студентер төмендегі қабілеттерге ие болуы тиіс:

- **ON1** тарих және география саласындағы білім мен дағдыларды көрсету; ұғымдарды, терминдерді, оқиғаларды, фактілерді, құбылыстар мен процестерді тұжырымдау, түсіну және түсіндіру;

- **ON2** әлеуметтік, этникалық, конфессиялық және мәдени айырмашылықтарға толеранттылық білдіру, академиялық адалдық принциптерін сақтай отырып, командалық және жеке жұмыста коммуникативтік, көшбасшылық, креативтілік көрсету;

- **ON3** зерттеудің әртүрлі әдістерін қолдану; деректерді жинау, өңдеу және пайдалану; пайымдауларды қалыптастыру және дербес шешімдер қабылдау үшін әртүрлі географиялық және тарихи ақпарат көздерімен (АКТ және т. б.) жұмыс істей білу;

- **ON4** тәжірибеде географиялық және тарихи білімді, кеңістіктік ойлау мен картографиялық, геоақпараттық дағдыларды қолдану;

- **ON5** кәсіби саладағы мәселелер мен қорытындыларды шешуде білім беру концепцияларын талдау, ғылыми зерттеулер әдістерін мен академиялық хат қолдану, рефераттау және өмір бойы білім алу дағдыларын тәжірибеде қолдану;

- **ON6** пәндер бойынша таңдалған мақсаттарға, оқушылардың физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес оқу жетістіктерін критериалды бағалау мен диагностикалауды қолдану;

- **ON7** білім берудің жаңартылған мазмұнының мақсаттарына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне сәйкес оқытудың, тәрбиелеудің инновациялық технологияларын (соның ішінде ҚОТ) қолдану;

- **ON8** отандық және дүниежүзілік тарих кезеңдерін, тарихи оқиғаларды, үрдістерді, әлемдік және отандық тарих құбылыстарын ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін сипаттау;

- **ON9** Қазақстан мен басқа елдердің тарихи дамуын зерттеу үшін тарихи деректер мен еңбектерге талдау жасау;

- **ON10** инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін тәжірибеге қолдану.

## 6. Оқу нәтижелерін бағалау саясаты

Пәннің оқу нәтижелерін бағалау университет анықтайтын ағымдық пен межелік бақылау және аттестаттаудың түрлі формалары арқылы жүзеге асырылады. Бағалау әріптік балдық-рейтингтік жүйе бойынша кестеге сәйкес жүргізіледі.

Пәннің оқу нәтижелерін ағымдық бақылау оқу пәнінің әр тақырыбы бойынша өткізіліп, аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардағы бақылауды қамтиды.

### Оқу нәтижелері мен бағалау әдістерінің сәйкестігі

Оқу нәтижелері	Бағалау әдістері
ON 1,2,3, 5,6,7,8,10	Аудиториялық сабақтардағы белсенділігі
ON 1,2,3,4,8,9	Эссе
ON 1,2,3,4,8,9	Топтық презентация
ON 1,2,3,4,7,8,9	Жоба даярлау(топтық жұмыс)
ON 1,2,3, 5,6,7,8,10	Жеке тапсырма
ON 1,2,3,4,8,9	Лабораториялық жұмыстардағы тапсырмалар
ON 1,2,3,4,7,8,9	Портфолио
ON 1,2,3,4,8,9	Практика есебі
ON 1,2,3,4	Аралық қорытынды бақылау
ON 1,2,3,4,8,9	Қорытынды аттестация

Межелік бақылау оқу пәні шеңберінде академиялық кезең аралығында екі рет өткізіледі.

Пән бойынша қорытынды баға 30%-і ағымдық бақылаудан, 30%-і межелік бақылаудан, қалған 40%-і емтиханнан жиналады. Емтиханға студент межелік бақылау мен ағымдық бақылаудан кем дегенде 30 балл (өту балы  $0,15*(АБ1+МБ1+АБ2+МБ2) \geq 30$  балл) жинағанда ғана жіберіледі.

Аралық аттестаттаудың қорытындысы төменде көрсетілген формуламен есептелінеді:

$$\text{Қорытынды бағалау (ҚБ)} = 0,15 \cdot \text{АБ1} + 0,15 \cdot \text{МБ1} + 0,15 \cdot \text{АБ2} + 0,15 \cdot \text{МБ2} + 0,4 \cdot \text{Е},$$

***Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласы және ECTS (иситиэс) аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі***

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Балдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

## **7. Білім беру процесін ұйымдастыруды іске асыру әдіс-тәсілдері**

Білім беру процесін ұйымдастыру білім алушылардың пәндерді және модульдерді зерделеу ретін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқытумен анықталатын кредиттік технология бойынша жүзеге асырылады. қашықтықтан оқыту технологиялары

***Білім беру процесін ұйымдастырудың міндеттері:***

- білім көлемін бірегейлендіру;
- оқытуды барынша дараландыру үшін жағдай жасау;
- білім алушының өзіндік жұмыстарының тиімділігін күшейту;
- білім алушының оқу жетістіктерін тиімді әрі ашық бақылау негізінде айқындау.

***Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша берілетін мүмкіндіктер:***

- білім алушылар мен оқытушылардың әрбір пән және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша еңбек шығынын бағалау үшін академиялық кредиттер жүйесін енгізу;

- білім алушылардың жеке оқу жоспарын қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ету;
- элективті пәндер каталогіндегі пәндерді және модульдерді таңдау;
- пәндерге тіркеу кезінде білім алушылардың оқытушыны таңдауы;
- эдвайзерлердің көмегімен білім алушылардың білім траекториясын таңдауы;
- интерактивті оқыту әдістерін пайдалану;
- білім беру бағдарламаларын қалыптастыруда академиялық еркіндік;
- оқу процесін қажетті оқу және әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету;
- білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың тиімді әдістерін қолдану;

- әр оқу пәні және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін пайдалану.

***Қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялары:***

- ❖ білім алушы оқытудың орталық объектісі ретінде қарастыратын рефлексивті көзқарасқа негізделген оқыту әдісі;
- ❖ білім беруге бағытталған оқыту;
- ❖ әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және оқу пікірталастары;
- ❖ кейс-стади;
- ❖ жобалар әдісі және т.б.

Қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялардың түрлерін оқытушы өзі таңдайды.

**ББ бойынша күтілетін оқу нәтижесіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқытудың әдіс-тәсілдері**

Оқу нәтижелеріне қол жеткізудің әдіс-тәсілдері	Оқу нәтижелері									
	ON 1	ON 2	ON 3	ON 4	ON 5	ON 6	ON 7	ON 8	ON 9	ON 10
Лекция	+		+			+		+	+	
Практикалық әдіс	+		+		+			+	+	
Біліктілікке бағытталған оқыту	+		+				+	+	+	
Семинар	+		+			+		+	+	
Интерактивті лекция	+		+				+	+	+	
Жобалар әдісі			+				+	+	+	
Оқу пікірталастары	+	+				+		+	+	+
Топтық, жұптық жеке жұмыс	+		+			+		+	+	
Рөлдік ойындар	+		+				+	+	+	
Проблемалық оқыту			+					+	+	
Рефлексивті оқыту әдісі		+		+	+	+		+		+
Критикалық оқыту	+			+					+	+

Білім беру қызметінің сапасын арттыруға бағытталған сапаны іштей қамтамасыз ету жүйесі:

- сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат;
- бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту;
- білім алушыларға бағдарланған оқыту, сабақ беру және бағалау;
- білім алушыларды қабылдау, олардың үлгерімі, тану және сертификаттау;
- оқытушылар құрамы;
- оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі;
- ақпаратты басқару;
- жұртшылықты хабардар ету;
- тұрақты мониторинг және бағдарламаларды мерзімді бағалау;
- сыртқы мерзімді сапаны қамтамасыз ету.

## **Кәсіптік практика**

Кәсіптік практика білім алушының оқу жұмысының міндетті компоненті болып табылады.

ББ ерекшелігіне сәйкес келесідей практика түрлері ұйымдастырылады: оқу, педагогикалық, өндірістік, дипломалды.

**Оқу практикасының** мақсаты – болашақ кәсіптің объектісі болып табылатын ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен және т.б. жалпы танысу. Сонымен қатар болашақ кәсіптік қызметінің түрлерін, функцияларын және міндеттерін зерделеу, іскерлік хат алмасуды зерделеу және іс қағаздарын жүргізу, еңбек ұжымында жұмыс жасау дағдыларын игеру болып табылады.

Оқу практикасы барлық білім алушылар үшін ұйымдастырылады. Оқу практикасы ББ ерекшелігіне, бейініне сәйкес өткізілетіндігі кафедра мәжілісінде қаралып, практика бағдарламасында көрсетіледі.

**Педагогикалық практиканың** мақсаты жалпы ғылыми, педагогикалық-психологиялық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімдерді бекіту және тереңдету, теориялық білімдер негізінде педагогикалық машықтарды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру болып табылады.

**Өндірістік практика** білім беру саласының даярлау бағыты бойынша кәсіпорындар мен мекемелерде ұйымдастырылуы мүмкін.

**Дипломалды практика** дипломдық жұмысты жазатын барлық түлектер үшін бітіруші курста өткізіледі. Дипломалды практика дипломдық жұмыстың жетекшісі арқылы бақыланады.

## 8. Білім беру бағдарламасының мазмұны

### 8.1. ББ бойынша оқу нәтижелерінің бітіруші моделімен сәйкестігі

Білім беру бағдарламасының оқу нәтижелері бітіруші моделіне сәйкес анықталады.

#### Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелерін бітіруші моделімен байланыстыру матрицасы

БМ	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10
1	+		+	+			+	+	+	
2	+		+	+			+	+	+	
3	+		+	+				+	+	
4		+			+	+				+
5		+					+			+
6	+		+	+			+	+	+	
7	+		+	+			+	+	+	

## 8.2. Модульдер туралы мәліметтер

№	Модульдің атауы	Модульдің құрамы	Модуль бойынша күтілетін оқыту нәтижелері	Модульдің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Циклі	Кредит саны	Бітірушінің моделінің элементтері
1	Жалпы мәдени дайындық	<p>Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы</p> <p>Философия</p> <p>Әлеуметтік-саясаттану білімі (Әлеуметтану, Саясаттану, Мәдениеттану, Психология)</p> <p>Құқықтық, экономикалық және экологиялық білім (Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, Экономика және кәсіпкерлік негіздері, Экология және өмір қауіпсіздігі)</p> <p>Қазақ (Орыс) тілі</p> <p>Шетел тілі</p> <p>Ақпараттық коммуникациялық технологиялар</p> <p>Дене шынықтыру</p>	<p><b>MON1</b> дүниетанымдық ұстанымдар негізінде қоршаған шындыққа баға беру;</p> <p><b>MON2</b> – азаматтық ұстанымын көрсете білу;</p> <p><b>MON3</b> – ғылыми таным әдістерін қолдана білу;</p> <p><b>MON4</b> – тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынастық жағдайларға баға беру;</p> <p><b>MON5</b> – кәсіби қарым-қатынаста туындаған мәселелерді шешу алу;</p> <p><b>MON6</b> – тілдік құралдар арқылы өз ойын ауызша және жазбаша түрде интерпретациялау;</p> <p><b>MON7</b> – кәсіби қызметінде АКТ-ны қолдана алу;</p> <p><b>MON8</b> – салауатты өмір салтын ұстану негізі ретінде дене шынықтырудың әдістері мен құралдарын қолдана білу.</p>	<p>Модуль болашақ маманның дүниетанымын, азаматтық және моральдық ұстанымын қалыптастыруға, қазақстандық қоғамды жаңғыртуға белсенді қатысатын, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды меңгеру негізінде бәсекеге қабілетті, қазақ, орыс және шет тілдерінде коммуникациялық бағдарламаларды құруға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, өзін-өзі жетілдіруге, табысқа жетуге және кәсіби деңгейге бейімдеуге, экономика мен құқық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, экология және өмір қауіпсіздігі саласындағы кәсіптік дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ кәсіпкерлік дағдылар, көшбасшылық, инновацияларды қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.</p>	ЖБП	56	1,4,5 6,7



2	Педагогикалық, психологиялық дайындық модулі	<p>Оқушылардың физиологиялық және психологиялық дамуы</p> <p>Педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі</p> <p>Инклюзивті білім беруде арнайы педагогикалық технологиялар (Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру мен жобалау, Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу, Инклюзивті білім берудегі АКТ)</p>	<p><b>MON1</b> – педагогикалық талдаудың әдіснамасын таңдай білу;</p> <p><b>MON2</b> – зерттеудің нәтижелерін жинақтай білу;</p> <p><b>MON3</b> – педагогикалық-психологиялық білімдерін жаңа жағдайға қолдана білу;</p> <p><b>MON4</b> – тәрбие жұмысының отандық және шетелдік тәжірибесін пайдалану;</p> <p><b>MON5</b> – кәсіби коммуникативтілікті және командада жұмыс істей білуді пайдалану;</p> <p><b>MON6</b> – оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты мәселелерді шеше алу;</p> <p><b>MON7</b> – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу әдістерін практикада қолдана алу.</p>	<p>Модуль қарастырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- балалар мен жасөспірімдердің анатомио-физиологиялық, психологиялық ерекшеліктері, денсаулықты сақтау және нығайту негізінде жеке тұлғаның қалыптасуы;</li> <li>- өзекті мәселелер және методология негіздері, педагогикалық ғылымның дамуының негізгі кезеңдері, тұтас педагогикалық процесс туралы түсінік;</li> <li>- тәрбие жұмысы мен педагогика әдістері, формалары, құралдары;</li> <li>- инклюзивтік білім беруді ұйымдастыру және жобалау, инклюзивті білім беру жағдайында ББҰ бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, инклюзивтік білім беруде АКТ.</li> </ul>	БП	15	1,3,4,6,7
3	Ежелгі және орта ғасырлар тарихи модулі	<p>Алғашқы қоғам тарихы</p> <p>Антропогенез және социогенез негіздері</p> <p>Археология</p> <p>Ежелгі дүние тарихы</p> <p>Ежелгі өркениеттер тарихы</p>	<p><b>MON 1</b> тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту мақсатында (тарихи оқиғаларды талдау, зерттеу сұрақтарын құрастыра білу, деректерді талдау, әр түрлі көзқарастарды салыстыру, нәтиже мен қорытындылар шығару, өзінің ұстанымын дәйектеу) қолдану;</p>	<p>Бұл модульде алғашқы қауымдық қоғам мен ежелгі дүние тарихының теориялық тұжырымдамалық негіздерін, ежелгі өркениет тарихы мен археологияның негізгі мәселелері зерттеледі;</p> <p>Модуль қарастырады: Феодалдық қоғамның әлеуметтік құрылымын, «ерте, орта, кейінгі</p>	БП	26	1,2,3,6,7

		<p>Орта ғасырлар тарихы</p> <p>Қайта өрлеу және ортағасырлық батысеуропалық мәдениет</p> <p>Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлар тарихы</p> <p>Оңтүстік Қазақстандағы тас, қола, ерте темір дәуіріндегі ескерткіштер.</p>	<p><b>MON2</b> оқушының тұлғааралық сапасын қалыптастыруда пәнаралық білімді интеграциялай білу.</p> <p><b>MON3</b> негізгі тарихи оқиғалар, құбылыстар мен процестерді талдау;</p> <p><b>MON4</b> тарихи кезеңге байланысты тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың зерттеулерін дүниежүзі тарихы контекстінде сын тұрғысынан талдау, баға беру дағдыларын қалыптастыру;</p> <p><b>MON5</b> тарихи деректердің негізінде тарихи процесстерге дәлелді пайымдау жасау;</p>	<p>орта ғасырлар» хронологиялық шегін, Қазақстан аумағында құрылған мемлекеттердің даму ерекшеліктерін;</p> <p>-қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызын;</p> <p>- Батыс пен Шығыстағы монархия формаларын, феодалдық мемлекеттің даму кезеңдерін;</p> <p>- феодалдық соғыс пен орталықтандырылған мемлекеттердің қалыптасуы, орта ғасырлардағы феодалдық көтерілістердің себептері мен зардаптары, «отаршылдық саясат», «гуманизм», «реформалау», «қарсы реформа», «кезуиттер ордені»</p>			
4	Ғылыми-зерттеу және ақпарат модулі	<p>Геоақпараттық жүйелер (ГАЗ)</p> <p>Тарих білімінің цифрлық ресурстары</p> <p>Ғылыми-зерттеу әдістері және академиялық хат</p>	<p><b>MON1</b> - жазудың заңдылықтарын түсінеді, жазбаша ғылыми қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтайды;</p> <p><b>MON2</b> - білімі мен түсінігін кәсіби деңгейде қолданады, саланың өзекті мәселелерін шешеді және пікірін дәйектемелер арқылы түсіндіреді;</p> <p><b>MON3</b> - саланың оқу-тәжірибелік және кәсіби мәселелерін шешу үшін теориялық және</p>	<p>Білім алушылардың өзіндік идеяларын құрылымдық түрде баяндау дағдыларын қалыптастыру, академиялық дискурстың ерекшелігін ескере отырып, әр түрлі ғылыми және ғылыми-ақпараттық дереккөздерімен жұмыс жасау жолдарын меңгерту.</p> <p>Студенттердің жазу мәдениеті мен сыни ойлау дағдысын және лингвистикалық - прагматикалық құзыреттіліктерін</p>	БП	10	1,3,5,6,7

			<p>практикалық білімін, ғылыми-зерттеу әдістерін қолданады.</p> <p><b>MON4</b> - элеуметтік – этикалық және ғылыми болжамдарды есепке ала отырып, пайымдауды қалыптастыру мақсатында ақпараттарды жинақтайды және интерпретациялайды:</p> <p><b>MON5</b> - болашақта саланы өздігінен меңгеруді жалғастыруға қажетті дағдыларын қалыптастыра отырып, білімін дамытады;</p> <p><b>MON6</b>- академиялық адалдық мәдениетін ұстана отырып, мәтінге ғылыми-сараптамалық баға береді.</p> <p><b>MON7</b> - ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін қолдану</p> <p><b>MON8</b> географиялық нысандарды, құбылыстардың және процестердің ерекшеліктерін графикалық түрде көрсетеді, практикада қолданады</p>	<p>қалыптастырады, академиялық адалдық мәдениеті мен принциптері жайлы мағлұмат береді.</p> <p>Академиялық жазудың заңдылықтарын түсініп, ғылыми-зерттеу әдістерін қолданады.</p> <p>Географиялық ақпараттық жүйе (ГАЖ) қоршаған ортада табиғи құбылыстармен қатар антропогендік процестерді зерттеуде автоматтандырылған программалық өнімдер арқылы зерттеп, болжам жасап, алдын алуға мүмкіндік береді.</p>			
<b>5</b>	Картография модулі	Картография, топография негіздерімен	<p><b>MON1</b>далалық, картографиялық, теориялық географиялық зерттеу әдістерінің мәнін түсіну, практикада қолдана білу;</p> <p><b>MON2</b> географиялық нысандарды, құбылыстардың</p>	Бұл модуль географиялық карта туралы жалпы түсінікті, масштабты, карталардың математикалық негізін, картографиялық проекциялар, карталардың жіктемесін,	БП	6	1,3,5,6,7

			және процестердің ерекшеліктерін графикалық түрде көрсетеді, практикада қолданады;	географиялық картадағы жазулар, тақырыптық карталар, атластар, ұсақ масштабты карталарды пайдалануды, топографиялық карта және оны пайдалану, топографиялық картадағы географиялық және тік бұрышты координаттарды, топографиялық карталар бетінде географиялық объектілерді кескіндеуді, географиялық картамен жұмыс жасауды меңгертеді.			
6	Физикалық географиялық модуль	Жалпы жертану Геология, геоморфология негіздері Биогеография, геоэкология негіздері Метеорология және климатология Гидрология Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы Қазақстанның физикалық географиясы	<b>MON1</b> далалық, картографиялық, теориялық географиялық зерттеу әдістерінің мәнін түсіну, практикада қолдана білу; <b>MON2</b> географиялық нысандарды, құбылыстардың және процестердің ерекшеліктерін графикалық түрде көрсетеді, практикада қолданады; <b>MON 3</b> геологиялық жыл санау мен геохронологиялық кестені талдап, жер қыртысының және тіршіліктің дамуындағы ірі кезеңдер мен геологиялық оқиғаларға баға береді; <b>MON 4</b> жергілікті компоненті қосымша қамту негізінде құрлық және мұхит суларының	Модуль қарастырады: - физикалық географияның әртүрлі пәндері және олардың пәнаралық байланыстарын; -географиялық ақпараттарды алудағы географиялық зерттеулер әдісінің маңызын; - жер қыртысының құрылымы, құрылысы, және негізгі геологиялық процестерді; -физикалық географияның теориялық тұжырымдамалары, табиғатты тиімді пайдалану мәселелерін; -физикалық география салалары, геосфераның құрамдас бөліктері, құрылымы, даму заңдылықтары, динамикалық ерекшеліктері, табиғат компоненттерінің өзара	БП	30	1,2,3,6,7

		<p>физикалық географиялық жағдайын анықтайды, экологиялық проблемаларын жіктейді, шешу жолдарын талдайды.</p> <p><b>MON 5</b> өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін сипаттайды, қорғау қажеттіліктерін талдайды, қорғау жолдарын бағалайды.</p> <p><b>MON 6</b> климат түзуші факторларды анықтайды, атмосфералық циркуляцияны талдайды, әр материкте орналасқан белдеулер мен ұқсас климаттық белдеулерді салыстырады, климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсерін бағалайды.</p> <p><b>MON7</b> географиялық қабық, мұхиттар мен материктер, зоналар және белдеулер, ландшафтар, табиғи аумақтық кешендерді талдайды;</p> <p><b>MON 8</b> жергілікті компоненті қосымша қамту негізінде құрлық және мұхит суларының, аймақтардың физикалық географиялық жағдайын анықтайды, экологиялық проблемаларын жіктейді, шешу жолдарын талдайды</p>	<p>байланысы мен өзара үйлесімділігін, физикалық географияның теориялық тұжырымдамалары, табиғатты тиімді пайдалану мәселелері, табиғи және техногендік геосистемалардың саралануын; -атмосфера, оның құрылымы мен құрамы, физикалық ерекшеліктері, жылу алмасу және атмосфералық айналымы, климаты және оның кеңістікте таралуын</p> <p>- географиялық қабықтың жалпы заңдылықтары мен табиғи кешендерін зерттеу;</p> <p>-аймақтардың географиялық орналасуын, табиғи жағдайларын, аймақтардың табиғатын физиографиялық аудандастыруын зерттейді;</p> <p>-аймақтардың зерттелу тарихымен, табиғи объектілердің орналасуын, номенклатурасы;</p> <p>-жеке аймақтардың сипаттамасы, аймақтарды физикалық географиялық тұрғыда аудандастырады олардың табиғи ресурстары, орографиялық ерекшеліктері, климат және ішкі сулар, топырақ, жануарлар және өсімдіктер</p>			
--	--	--	--	--	--	--

				дүниесін қарастырады.			
7	Жаңа және қазіргі заман тарихы	<p>Қазақстанның жаңа заман тарихы</p> <p>Азия және Африка елдерінің жаңа заман тарихы</p> <p>Қытай тарихы</p> <p>Еуропа және Америка елдерінің жаңа заман тарихы</p> <p>Жаңа заман дәуіріндегі халықаралық қатынастар</p> <p>Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы</p> <p>Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы</p>	<p><b>MON 1</b> оқушының тұлғааралық сапасын қалыптастыруда пәнаралық білімді интеграциялай білу;</p> <p><b>MON2</b> негізгі тарихи оқиғалар, құбылыстар мен процестерді талдау;</p> <p><b>MON3</b> тарихи кезеңге байланысты тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың зерттеулерін дүниежүзі тарихы контекстінде сын тұрғысынан талдау, баға беру дағдыларын қалыптастыру;</p> <p><b>MON4</b> тарихи деректердің негізінде тарихи процесстерге дәлелді пайымдау жасау;</p> <p><b>MON5</b> тарихи зерттеу барысында коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қоса алғанда, басылымды және электронды құралдарды қолдана білу.</p>	<p>Модуль қарастырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жаңа және қазіргі замандағы Қазақстан, Еуропа және Америка, Азия және Африка елдерінің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени даму ерекшеліктері мен заңдылықтарын;</li> <li>- жаңа және қазіргі заман тарихының жалпы сипаты, адамзат дамуындағы жаңа және қазіргі заман тарихы мен өркениетінің ролі мен орнын;</li> <li>- капиталистік қатынастардың генезисі мен нығаюы, отарлау саясатының күшеюі, отаршылдық экспансиясы кезеңіндегі Азия мемлекеттерінің әлеуметтік құрылымындағы ерекшеліктерін;</li> <li>- жаңа және қазіргі әлемнің халықаралық қатынастарының сипаты, әскери блоктарды қалыптастырудың себептері, діни, саяси сипаттағы қақтығыстар, қазіргі заманғы діни экстремизмнің өсуі.</li> </ul>	БП	25	1,2,3,6,7

8	Әдістемелік модуль	<p>Мектепте сыныптан тыс және өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру</p> <p>География және тарих пәндерін жаңартылған бағдарлама бойынша оқыту мен бағалаудың тәсілдері</p> <p>География мен тарихты оқыту әдістемесі</p> <p>География және тарих пәнін оқытудағы инновациялық технологиялар мен оқыту процесін ұйымдастыру (соның ішінде ҚОТ)</p>	<p><b>MON 1</b> ғылыми зерттеулерде мәселелерді шешу жолдарын талдай білу;</p> <p><b>MON2</b> география және тарихты оқыту процесінде АКТ ны пайдалану;</p> <p><b>MON 3</b> тұлғааралық қарым қатынаста командалық жұмыста коммуникативтілігін, ақпараттық мәдениетін көрсете білу;</p> <p><b>MON4</b> инновациялық технологияларды оқытудың мақсат міндеттеріне және оқушылардың дара ерекшеліктеріне сәйкес қолдану;</p> <p><b>MON5</b> критериалды бағалаудың, диагностикалаудың қысқа мерзімді сабақ жоспарын жасаудың технологияларын пайдалану;</p> <p><b>MON6</b> технологияларды қолдану мен инклюзивті білім беру тәжірибесінде туындаған проблемаларды шешудің креативтілігін бағалай білу;</p> <p><b>MON7</b> оқушының тұлғааралық сапасын қалыптастыруда пәнаралық білімді интеграциялай білу.</p>	<p>Модуль қарастырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-география және тарих пәндерін оқытудың жаңа ғылыми методологиялық принциптерін, зерттеулердің ерекшеліктерін, оқушылардың зерттеу жұмысын ұйымдастырудың әдістемесін;</li> <li>- білім мазмұнын жаңарту, спиральдық оқу жоспары құрылымы, тиімді оқыту әдістері, Блумм таксономиясы;</li> <li>- оқу үрдісіндегі белсенді оқыту әдістері, диалогтық оқыту, сыни ойлау, дифференциалды оқыту әдісі және ақпараттық технологиялар.</li> <li>- критерийлерді бағалау жүйесінің мақсаты мен міндеттері, ерекшелігі теориялық негіздері, бағалау формалары мен оларды тиімді пайдалану, ұзақ, орта және қысқа мерзімді оқу жоспарды құрастыра білу.</li> </ul>	ПП	21	1,2,3,6,7
---	--------------------	---	--	---	----	----	-----------

9	Экономикалық географиялық модуль	Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы Геоэкономика және интеграциялық процестер Рекреациялық және киелі жерлер географиясы Туризм географиясы және өлкетану Дүние жүзінің экономикалық, әлеуметтік, және саяси географиясы Ғаламдық география	<b>MON1</b> – кәсіби қызметінде АКТ-ны қолдана алу; <b>MON2</b> экономикалық география білімін практикада қолдану барысында әдістемелік даярлығын көрсете білу; <b>MON3</b> табиғи ресурстардың дүниежүзінде шоғырлануын, таралу заңдылықтарын талдайды; <b>MON4</b> Қазақстанның және дүниежүзінің табиғи ресурстық әлеуетін талдайды; <b>MON5</b> Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымын жіктейді, маңыздылығын бағалайды, таралу және шоғырлану ерекшеліктерін саралайды.	Модуль қарастырады: Экономикалық, әлеуметтік және саяси география ұғымы мен методологиясы, әлем және Қазақстанның экономикалық дамуының негізгі кезеңдері, ел шаруашылығы, әлем картасындағы орны, экономикалық әлеуеті, геоэкономикалық жіне интеграциялық процесстері, аймақтық және ғаламдық мәселелері қарастырылады. Дүние жүзінің, Қазақстанның және аймақтар бойынша экономикалық географиялық жағдайын және саяси әкімшіліктік құрылымын, сыртқы және ішкі байланыстарын талдайды.	ПП	15	1,2,3,6, 7
		<b>Оқу практикасы</b>				3	
		<b>Педагогикалық практика</b>				14	
		<b>Өндірістік практика</b>				3	
		<b>Диплом алды практика</b>				4	
		<b>Қорытынды аттестаттау</b>				12	
		<b>Жалпы</b>				<b>240</b>	



### 8.3.Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәндердің атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Оқу нәтижелері (коды)									
				ON1	ON2	ON3	ON4	ON5	ON6	ON7	ON8	ON9	ON10
<b>Жалпы білім беретін пәндер циклі</b>													
<b>Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті</b>													
1	<b>Құқықтық, экономикалық және экологиялық білім</b> (Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, Экономика және кәсіпкерлік негіздері, Экология және өмір қауіпсіздігі)	Экономика мен бизнес, ҚР құқықтық жүйесі және заңнамасы, мемлекеттік-құқықтық және конституциялық дамуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, академиялық адалдық қағидаттарын, экология және өмір қауіпсіздігі салаларына қатысты негізгі ұғымдар мен олардың арасындағы байланыстар қарастырылады. Кәсіпкерлік, көшбасшылық және инновациялық дағдыларды меңгеруде заңнамалық және тұжырымдамалық құжаттарды талдау мен қолданудың әдіс-тәсілдері сипатталады.	5		+								
<b>Базалық пәндер циклі</b>													
<b>Жоғары оқу орны компоненті</b>													
2	Оқушылардың физиологиялық және психологиялық дамуы (Оқушылардың физиологиялық дамуы, Оқушылардың психологиялық дамуы)	Оқушылардың физиологиялық - психологиялық тұрғыдан даму заңдылықтарының негізінде балалар мен жасөспірімдердің анатомия-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне, жеке басының қалыптасуына, денсаулығын сақтауға, нығайтуға қатысты мәселелер қарастырылады. Оқушылардың қабілеттерін	5	+		+							

		айқындау мен дамыту, оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты бекіту біліктілігін қалыптастырудың және балалардың денсаулығын қорғау, дене шынықтыру, еңбекке баулу жұмыстарын ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері сипатталады.											
3	Педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі	Педагогика ғылымының негізінде анықталған оның мақсат-міндеттері, категориялары, құрылымы, әдіснамалық негіздері, негізгі даму кезеңдері, педагогикалық процесстің түсініктері, оқу-тәрбие жұмыстарының формалары, әдістері, құралдары қарастырылады. Педагогика ғылымының өзекті мәселелері, ҚР қазіргі заманауи тәрбие тұжырымдамалары, мектеп пен сыныптың тәрбиелік жүйесі және тәрбие жұмысының диагностикасы сипатталады.	5						+	+			
4	Инклюзивті білім берудеге арнайы педагогикалық технологиялар	Инклюзивті білім беру жүйесінің негізгі ұғымдары, білім беру қызметінде инклюзивті білім берудің ерекшеліктері, инклюзивті білім беру жағдайында оқу-тәрбие процесінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің заманауи моделдері мен оны іске асыруы жолдары қарастырылады	5										+
5	Археология	«Археологиялық мәдениет» ұғымы, археологияның басқа ғылымдармен байланысымен, археологиялық ескерткіштерді зерттеу тарихымен, Қазақстанның археологиялық ескерткіштерін зерттеу жұмысымен ерекшеліктерін, археологиялық объектілердің хронологиясы мен дәуірлеумен, даталау әдісімен,	5	+							+	+	

		археологиялық ескерткіштердің типологиясымен, Қазақстандағы және ТМД елдеріндегі археологиялық ескерткіштердің түрлерімен, археологиялық зерттеулер жүргізі әдістемесімен, тас, қола, темір дәуірі археологиясымен, бұл дәуірлердің қоғамымен, мәдениетімен, шаруашылығымен, жалпы сипатты белгілерімен таныстырады.											
6	Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат	"Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат" пәнін меңгерудің мақсаты білім алушылардың өзіндік идеяларын құрылымдық түрде баяндау дағдыларын қалыптастыру, академиялық дискурстың ерекшелігін ескере отырып, әр түрлі ғылыми және ғылыми-ақпараттық дереккөздерімен жұмыс жасау жолдарын меңгерту. Пән студенттердің жазу мәдениеті мен сыни ойлау дағдысын және лингвистикалық - прагматикалық құзыреттіліктерін қалыптастырады, өзі ұстанатын тіл арқылы жазба тіл мәдениетін жетілдіреді, академиялық адалдық мәдениеті мен принциптері жайлы мағлұмат береді.	5			+	+						
7	Картография, топография негіздері	Географиялық картаның негізгі ұғымдары, картографияның теориялық негізі, картография және дизайн, карталарды құрастыру және пайдалану принциптері. Картографиялық проекциялар, картадағы атаулар, карталардың түрлері, атластар, шағын және топографиялық карталарды пайдалану ерекшеліктері, топографиялық	6			+	+						

		карталардың географиялық және тікбұрышты координаттары, картографиялық кескінді трансформациялау, картографиялық карталардың қасиеттері, әртүрлі тапсырмалар мен есептерді шешу мәселелерін қарастырады.											
8	Жалпы жертану	Геосфераның құрамдас бөліктері, құрылымы, даму заңдылықтары, динамикалық ерекшеліктері іс әрекеті мен дамуы, біртұтас ғаламдық табиғат кешені ретінде қарастырылады. Табиғат компоненттерінің өзара байланысы мен өзара үйлесімділігін, физикалық географияның теориялық тұжырымдарын, заңдылықтарын, географиялық қабықшаның дамуын, табиғатты тиімді пайдалану мәселелерін талдайды.	5			+		+	+	+			
9	Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы	Географиялық қабықтың дамуының жалпы түсінігі, жер шарындағы климаттық белдеулердің қалыптасу заңдылықтарын, құрлықтар мен мұхиттардың табиғи кешендерінің кеңістік бойынша таралуын (географиялық белдеулер, аймақтар, секторлар, провинциялар) қарастырады. Табиғи ортаның негізгі бөліктерінің өзара байланысы мен өзара қатынасын анықтай отырып, материктер мен мұхиттардың аймақтық және провинциялық физика-географиялық ерекшеліктерін талдайды.	5	+		+							
10	Қазақстанның физикалық географиясы	Республикамыздың табиғат кешендерінің таралу заңдылықтарын зерттейтін негізгі пәндердің бірі. Қазіргі кездегі физикалық-	6	+		+							

		географиялық жағдайларды зерттеу қолданбалы зерттеулердің басты алғышарттары. Жекеленген аймақтардың физикалық-географиялық ерекшеліктерін, табиғат кешендерінің бір-бірімен қарым-қатынасы, табиғат кешендеріндегі құбылыстар мен процестерді, Қазақстан аумағының ландшафт бірліктерінің күрделі құрылымдарын зерттеуге үйретеді.											
11	Қазақстанның жаңа заман тарихы	Қазақстан тарихының XVIII-XX ғ.ғ. аралығындағы кезең мәселелеріне байланысты бүгінгі күнгі дерек базалары мен отандық тарихнамаға жаңа теориялық - методологиялық бағыттағы көзқарастар негізінде анализ жасайды. Қазақстанның саяси жүйесінің даму процесін, өлкені басқару әдістері мен формаларын қарастырады, Қазақстандағы патшалықтың ұлттық саясаттың негізіне, Қазақстанның Ресей империясының құрамына енуінің экономикалық, әлеуметтік-саяси және рухани бағыттағы салдарына бағытталған. Хронологиялық шеңбері 1730-1917 жылдардағы Қазақстан тарихы. Қазақстанның Ресей империясының отарына айналу процесінің негізгі мәселелерін қарастырады.	5								+	+	
12	Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы	Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңнен қазіргі уақыт аралығындағы Еуропа мен Американың жетекші мемлекеттерінің саяси және әлеуметтік-экономикалық даму тарихына жан-жақты сипаттама береді. Қазіргі кезеңдегі Еуропа және Америка	5								+	+	

		елдерінің географиялық кеңістікте алатын орны, дүниежүзі тарихындағы әлеуметтік-мәдени және шаруашылық-экономикалық даму ерекшеліктері, тарихи даму үрдісі жайлы ғылыми негізде түсініктеме береді.											
13	Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы	XX-XXI ғғ. басындағы Азия, Африка елдерінің экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени дамуын қарастырады. Отарлық езгіге қарсы күрес, тәуелсіздіТҚе қол жеткізу, Азия, Африка елдерінің даму жолын таңдауы, Қытай мен социалистік елдер, Жапония мен «азиялық айдаһарлар», зайырлы Түркиядан бастап шииттік Иран, араб елдеріне дейін, тропикалық Африканың тайпалық әлемі секілді өркениеттік әралуандылық ерекшеліктері зерттеледі.	5									+	+
<b>Базалық пәндер циклы Таңдау компоненті</b>													
14	1. Алғашқы қоғам тарихы	Адамзат қоғамының қалыптасуының алғы шарттары және дәуірлену мәселелері, эрнологиология мәселелері, алғашқы тайпалар мен тайпалық одақтың пайда болуы мен дамуын оқытады. Адамның пайда болуы мен қоғамдық құрылыстағы мәселелерге, алғашқы қоғамдық топтардың қалыптасуы мен дамуы жеке меншік, таптық қоғамның құрылуына тарихи анализ жасайды. Алғашқы шаруашылық түрлері: бірігіп аң аулау кәсібі, терімшілік т.б жүйесімен танысады. Жер бетіндегі алғашқы адамдардың рухани мәдениеті, дүниетанымдық көзқарастар мен	4									+	+

		ғылыми білім көздерінің қалыптасуы туралы білім беріледі.												
	2. Антропогенез және социогенез негіздері	Адамзат баласының шығу тегі, адамдардың жануарлар әлемінен бөлініп шығуы кезеңдері, адам морфологиясы, адамның антропогенезі, адамның нәсілдерге бөлінуі және этникасы, уақыты мен кеңістіктері, антропогенез үдерісінің қозғаушы күштері, адам қоғамның пайда болып дамуының эволюциялық және тарихи үдерісі, адамзаттың алғашқы елді мекендері мен тіршіліктері туралы түрлі теориялық гипотезалар мен пікір таластар қарастырылады.												
15	1. Ежелгі дүние тарихы	Ежелгі қоғамның әлеуметтік ұйымдасуын, ежелгі мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттайды, ежелгі дүниедегі құлдықтың ерекшеліктерін анықтайды, ежелгі өркениеттердің шаруашылық жүйесін сипаттайды, экономикалық ілгерілеуді түсіну үшін шаруашылықтың иемденуші және өндіруші түрлерін салыстырады, ежелгі қоғамның дамуындағы жазудың рөлін, ғылымдардың пайда болуын, ежелгі дүние өнерін, қоғамның дамуына діндердің ықпалын сипаттайды. Тотемизм, анимизм, фетишизм, магия сияқты ежелгі діни наным-сенімдердің пайда болу себептерін түсіндіреді.	6									+	+	
	2. Ежелгі өркениеттер тарихы	Өркениет ұғымы және өркениеттік концепция. Ежелгі Шығыс өркениеті. Ежелгі Шығыс өркениеттерінің ерекшеліктері. Үнді-будда және қытай – конфуциандық												

		өркениеттің қалыптасуы: шаруашылық және әлеуметтік құрылымдағы ортақтық пен ерекшеліктері. Әлемнің діни картинасының пайда болуы. Шығыс діндерінің дүниетанымдық ерекшеліктері. Ежелгі Шығыстың философиялық ойы, рухани құндылықтары, мәдени мұралары. Жерорта теңізінің антикалық өркениеті. Грек өркениеті. Рим өркениеті. Римдік право. Антикалық қоғамның ментальдық ерекшеліктері. Ежелгі Греция мен Римнің мәдени және философиялық мұралары.											
16	1. Орта ғасырлар тарихы	Тарихтағы «орта ғасыр» түсінігі. Орта ғасырлар тарихының хронологиялық шеңбері мен кезеңдері. Халықтардың ұлы қоныс аударуы және Батыс Рим империясының құлауы. Византия империясы. «Феодализм» түсінігі. Феодалдық шаруашылық түрінің ерекшеліктері. Ортағасырлық қалалар мен өнердің даму ерекшеліктері. Крест жорықтарынан кейінгі христиандық Еуропа мен мұсылман әлемі. XIV ғасырдағы - XVI ғасырдың бірінші жартысындағы ортағасырлық еуропалық қоғам. Халықаралық сауда мен саяхаттар. Алғашқы отарлық империялар. Қайта өрлеу дәуірі. Реформация. Ғылыми революция. Әлемнің қазіргі ғылыми бейнесінің негізін қалаушылар және олардың ізбасарлары.	6									+	+
	2. Қайта өрлеу және ортағасырлық батысеуропалық	Тарихи процестер контекстінде «Қайта өрлеу», «гуманизм» ұғымдары тарихи деректер, медиавистердің еңбектері негізінде											



	мәдениет	түсіндіріледі. Қайта өрлеу мәдениетінің хронологиялық шегі, географиялық кеңістігі, антикалық мәдениетпен байланысты оның пайда болуының алғышарттары ашылып көрсетіледі. Италияндық интелегенцияның жаңа мәдениетінің субъектісі ретінде екендігі, гуманизмнің ірі өкілдері, олардың идеялары. Қайта өрлеу дәуірінің әлемдік мәдениетке қосқан үлесі қарастырылады.											
17	1. Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлар тарихы	Қазақстанның ежелгі дүние тарихы. Қазақстан территориясында орта ғасырлардағы түрік және батыс түрік қағанаттары, қарлұқ, оғыз, қыпшақ, қарахан мемлекеттерінің құрылуы, феодалдық қатынастардың дамуы, сол кезеңдегі саяси- әлеуметтік жағдай, шиеленістер, шаруашылық түрлері, өнер, қала мәдениеті, сауда байланыстары туралы білім қалыптастырады. Моңғол шапқыншылығы жылдарындағы, Алтын Орда құрамындағы Қазақстан, Қазақ хандығының құрылуы мен нығаюы, көрші елдермен дипломатиялық қарым-қатынастары, әлеуметтік, экономикалық және саяси дамуы оқытылады. XVI-XVII ғғ. қазақ халқының материалдық және рухани мәдениеті жайлы мәліметтер қарастырады.	5								+	+	
	2 Оңтүстік Қазақстандағы тас, қола, ерте темір дәуіріндегі ескерткіштер	Өлкенің ескерткіштерінің географиялық орналасуын көрсетеді, тарихи кезеңдердің хронологиясын, жәдігерлердің түрлерін, типтерін сипаттайды. Тас, қола, ерте темір дәуіріндегі ежелгі тұрғындардың миграциясын еңбек құралдар мен тұрмыстық											

		заттар арқылы, демографиялық төнкерістің халықтың дамуына тигізген әсерін, шаруашылықтың негізгі түрлерінің қалыптасуын, әлеуметтік жағдайдың идентификациясын, тұрғындардың тұрмыс тіршілігін жазба және археологиялық деректер арқылы сипаттайды.											
18	1. Геоақпараттық жүйелер (ГАЗ)	Географиялық ақпараттық жүйе (ГАЗ) - кеңістіктік (географиялық) деректер мен нысандарды ақпаратты графикалық визуализация жүйесі, географиялық мәліметтерді жинап, деректерді бағдарламалық – техникалық кешенде сақтап, өңдеп, қайта қолдану, тұжырым жасау, ақпараттарды шығару үшін қолданылады. Қоршаған ортада табиғи құбылыстармен қатар антропогендік процестерді зерттеуде автоматтандырылған программалық өнімдер арқылы зерттеп, болжам жасап, алдын алуға мүмкіндік береді.	5	+		+	+						
	2. Тарих білімінің цифрлық ресурстары	Ақпаратты жинау, бағалау, сақтау, дайындау, ұсыну, алмасу үшін сандық технологияларды қолдана отырып, деректерді өңдеуді техникалық қамтамасыз ету құралдарымен, бағдарламалармен, бірлескен кәсіби қызмет үшін желі байланысының дағдыларымен таныстырады. Тарихқа қатысты мәтіндерді, кестелерді, мәліметтер қорын, мультимедианы, бағдарламалау орталарында ұсынылған ақпаратты талдауды, синтездеуді, бағалауды зерттейді. Қоғамдық ғылымдар бойынша пәнаралық байланыстарды		+		+	+						

		интеграциялайды.											
19	1. Геология, геоморфология негіздері	Жер және жер қыртысының құрамы, құрылысы, шығу тегі және дамуы, геохронологиялық кесте, геологияның салалық құрылымы, геологиялық процесстер жайлы терең және жүйелі білім бере отырып, жер қойнауында және жер бетінде болып жататын табиғи процестерді дұрыс түсінуге, жер қойнауындағы пайдалы қазбаларды ұтымды пайдалануды, рельефтің қалыптасуында эндогендік және экзогендік үрдістердің ролін қарастырады.											
	2. Биогеография, геоэкология негіздері	Жер бетінің флорасы мен фаунасы, олардың географиялық таралу заңдылықтары мен қазіргі кездегі антропогендік әрекетінің кері мәселелері туралы, өсімдіктер мен жануарлардың экологиялық, геологиялық тарихи қалыптасу ерекшеліктерін ескеріп жер шарын әр түрлі аймақтарға бөліп, жекелей сипаттама береді. Экологиялық факторлар және олардың геожүйеге әсері, геожүйенің антропогендік әсерге тұрақтылығын, экожүйе мен геожүйе арасындағы географиялық айырмашылықтарды, ландшафттардың экологиялық қасиеттерін, Қазақстанды геоэкологиялық аудандастыруды қарастырады.	7	+		+							
20	1. Метереология және климатология	Атмосфераның құрамы мен құрылысын, негізгі атмосфералық процестерді, жердің сәуле және жылу тепе-теңдігін, жер бетіндегі радиацияны және жылу балансын,	7	+		+	+						

		атмосферадағы ылғал айналымын, атмосферадағы циркуляцияны қарастырып, метеорологиялық бақылау әдістерін қолдана алады. Жер бетінің климатын, климат түзуші факторларды, климаттың географиялық таралу ерекшеліктерін және климаттық белдеулер сипаттамаларымен танысады.											
	2. Гидрология	Гидросферада болып жатқан процесстермен, су объектілерінің ерекшеліктерімен, олардың қоршаған ортамен өзара байланысымен таныстырады. Географиялық ортамен тікелей байланысты гидрологиялық құбылыстар мен процесстер туралы түсінік береді және табиғаттағы суды географиялық ландшафттың ажырамас бөлігі ретінде, Жер бетіндегі су қоры, құрлық сулары, мұхит сулары, олардың ерекшеліктері, гидрологиялық режимін қарастырады.											
21	1. Азия және Африка елдерінің жаңа заман тарихы	XVII ғ. ортасынан бастап XX ғ. бас кезіне дейінгі Азия және Африка елдерінің және халықтарының экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени дамуын зерттеуді қарастырады. Шығыс елдері үшін жалпыға қабылданған кезеңдерге бөлінудің шартты түрде қолданылуы, олардың өркениеттік дамудағы ерекшелігі талданады. Азия және Африка елдерінің және халықтарының тағдырындағы отарлаудың ролі, трансформациялануы мәселесі зерттеледі.	5									+	+
	2. Қытай тарихы	Қытай елінің ежелгі дүниеден бастап бүгінгі күнге дейінгі тарихи кезеңдерін, мемлекеттің пайда болуын, оның даму эволюциясын,											

		қытай өркениетінің ерекшеліктері мен өзіне тән белгілерін қарастырады. Әрбір тарихи кезеңдегі Қытай елінің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуы, ішкі және сыртқы саясаты, ұстанған дипломатиясы, халықаралық аренадағы Қытайдың ролі, қазіргі Қытайдың даму тенденциялары талданады.												
22	Еуропа және Америка елдерінің жаңа заман тарихы	«Капитал», «буржуазия», «жұмысшы табы» ұғымдарын қоғамның әлеуметтік құрылымын түсіндіру үшін қарастырады. Жаңа дәуірдегі мемлекеттердегі экономикалық және саяси жүйенің өзгеруіне буржуазияның әсерін анықтау жолдарына сипаттама береді. Еуропадағы феодалдық құрылыстан капиталистік шаруашылыққа (мануфактура, фабрика) өту процесін түсіндіреді. Еуропа елдерінің әлемдік жетекші держава ретінде қалыптасуындағы өнеркәсіп төңкерісінің рөліне сипаттама береді.	5										+	+
	2. Жаңа заман дәуіріндегі халықаралық қатынастар	Тарихи деректер мен ғылыми еңбектер негізінде мемлекеттер, жаңа замандағы мемлекеттік жүйелер, халықаралық деңгейде әрекет ететін ұйымдар мен қозғалыстар, әлеуметтік, экономикалық, саяси күштер арасындағы дипломатиялық, саяси, құқықтық, идеологиялық, мәдени, шаруашылық байланыстарды сипаттайды. Әскери-саяси одақтардың құрылуын және олардың тарихтағы рөлін бейнелейді. Еуропалық отарлық экспансияның Шығыстың дістүрлі қоғамдарына әсерін												

		сипаттайды.											
<b>Бейіндеуші пәндер циклі</b>													
<b>Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті</b>													
23	Мектепте сыныптан тыс және өлкетанулық жұмыстарды ұйымдастыру	Оқушылардың білімі мен біліктіліктерін дамыту, іскерлігін арттыру, оқу іс әрекетінде белсенділіктерін арттыру мақсатында жұмыс жүргізіледі. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда аймақтың тарихи және мәдени дәстүрлерін, жергілікті табиғаттың ерекшеліктерін зерттейді. Сыныптан тыс жұмыстарды мектепте ұйымдастыру, жоспарлау және жүргізу бойынша теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды қалыптастырады. Өлкетанулық жұмыстарды жүргізуде жергілікті жерде бағдарлану, демалу орындарын ұйымдастыру, тамақтану, қауіпсіздік шараларын, қозғалыс маршрутымен жүріп, өткен жерлердің топонимикасын, тамақ рациондарын құру әдістерін, т.б. меңгеруге көмектеседі	6		+	+							
24	География мен тарихты оқыту әдістемесі	География мен тарихты оқыту әдістемесінің негізгі ұғымдары, проблемалары, әдіснамалық негіздері, негізгі даму кезеңдері, педагогикалық процестегі ролін қарастырылады, оқытудың әдістері мен зерттеудің теориялық және эмперикалық зерттеу әдістерін, мультимедиялық құралдармен жұмыс істеуді біле отырып практикамен байланыстырып оқиды. Командада жұмыс істеу дағдыларын, оқушы	5			+	+	+	+	+	+	+	

		бойында көшбасшылық қасиетті дарытуды түсіндіреді. Гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары бойынша пәнаралық білімді интеграциялайды.											
25	География және тарих пәндерін жаңартылған бағдарлама бойынша оқыту мен бағалаудың тәсілдері	География және тарих пәндерінің жалпы білім беру мазмұны, сондай-ақ жаңартылған білім беру контекстінде педагогикалық шеберлікті жетілдіруге бағытталған мектепте оқытудың жаңа әдістері (белсенді) оқытылады. Білім сапасы туралы ұғыммен, білім сапасын бақылауды ұйымдастыру әдістемесімен, білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесімен, оқу процесінде қазіргі заманғы бағалау құралдарын қолданумен, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың критериялды формаларымен таныстырады. Бағалау критерийлері мен функциялары, әдістері мен формалары туралы білімді жетілдіреді.	5			+		+	+	+	+		
26	География және тарих пәнін оқытудағы инновациялық технологиялар мен оқыту процесін ұйымдастыру (соның ішінде ҚОТ)	Оқытудың инновациялық технологиялары және мектепте оқыту процесін ұйымдастыру ерекшеліктерімен таныстырады. География сабақтарында білім берудің тиімділігін арттыруда оқытудың инновациялық технологияларын, сондай-ақ қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану жолдарын зерттеу. Инновациялық технологиялардың теориялық және практикалық негіздері, инновациялық технологиялардың түрлері, әдістері, функциялары, олардың оқу процесіндегі тиімділігі; инновациялық технологиялардың	5			+		+	+	+			

		оқушыларды ынталандыруға әсері оқытылады.											
27	1. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы	Экономикалық және әлеуметтік география ұғымы, Қазақстанның экономикалық дамуының негізгі кезеңдері, ел шаруашылығы, әлем картасындағы орны, экономикалық әлеуеті, ресурстары, өндіріс факторлары, халық және еңбек ресурстары, салааралық кешендері және экономикалық аудандарын қарастырады. Қазақстанның экономикалық географиялық жағдайын және саяси әкімшіліктік құрылымын, көші-қон деңгейін, табиғи өсуін, өнеркәсіп орындарының орналасу заңдылықтарын талдайды.	5	+		+	+						
	2. Геоэкономика және интеграциялық процестер	Әлемдік экономикалық жүйе бірлігі. Геоэкономикалық кеңістіктегі тауарлық өндірістің өзгеріс бағыттары. Интерұлттық және ұлттық экономика түсінігі. Геоэкономикалық жүйедегі әлемдік еңбек бөлінісінің қазіргі құрылымы. Олардың көптүрлілігі және стратегиялық тұрғыдан әрқилы әрекеті. Интеграциялық процесстер мен халықаралық экономикалық байланыстармен таныстырады.											
28	1. Рекреациялық және киелі жерлер географиясы	Рекреациялық география физикалық және рухани күштерді қалпына келтіруге (сауықтыру, туризм және т.б.) бағытталған. Рекреациялық ресурстарға жалпы түсінік береді, олардың әлемдік елдердегі географиясын сипаттайды. Рекреациялық ресурстардың түрлері, ерекшеліктері,	5	+		+	+						



		аумақтық мәселелері, табиғат пен қоғамның компоненттерімен өзара әрекеттесуін қарастырады. Қазақстандағы киелі жерлер географиясының объектілері, зерттеу тарихы, басқа салалармен байланысы қарастырылады.											
	2. Туризм географиясы және өлкетану	Туризмнің шығу тарихы және оның қоғамдық мәні. Туристік нысандар және оларға қойылатын талаптар. Әлемдегі туристік аймақтар мен нысандар географиясы. Туризмді дамыту алғышарттары мен мәселелерін қарастыру. Туристік инфрақұрылым түсінігі. Өлкетану жұмыстары және оның тәрбиелік мәні. Өлкетану бұрыштары мен мұражайларды ұйымдастыру әдістері. Мектепте сыныптан тыс жұмыстарды жүргізуде алған білімдерін қолдану.											
29	1. Дүние жүзінің әлеуметтік, экономикалық және саяси географиясы	Дүние жүзінің саяси картасын, табиғат жағдайлары мен ресурстарын, халқын, шаруашылығын, өнеркәсібін, еңбек ресурстарын, халықаралық экономикалық байланыстарын қарастырады. Дүние жүзі аймақтары бойынша мемлекеттердің құрамы мен құрылымын, негізгі даму бағыттарын, сыртқы экономикалық байланыстары мен ішкі айырмашылықтарын, геосаяси жағдайларын, ғаламдық мәселелермен таныстырады.	5	+		+	+						
	2. Ғаламдық география	Ғаламдық география планетарлық процестер мен құбылыстардың кеңістіктік көрінісін зерттейді. Жаһандану терминінің ұғымы мен											

		<p>мәнін түсіндіреді. Геоглобалистика. Жаһандану процестері, оң және теріс жақтары, түрлері. Ғаламдық, интеграциялық және экономикалық процестер. Адамзаттың ғаламдық проблемаларын, соның ішінде экологиялық, энергетикалық, азық-түлік, шикізат, демографиялық, табиғат пен қоғам дамуының географиялық аспектілерімен таныстырады. Қазақстан мен дүние жүзіндегі жаһанданудың көрінісі.</p>												
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

#### 8.4. Білім беру бағдарламасының оқу жоспары